

A decorative border on the left side of the slide features several light pink cherry blossoms with prominent red centers and green leaves, set against a light blue background.

ТАҚЫРЫБЫ:

***“БАЛАБАҚШАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ”***



МАҚСАТЫ:

- 1. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІН ҚАРАСТЫРУ.*
- 2. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУ.*



ЖОСПАРЫ:

1. Жаңа педагогикалық инновациялық технологиялардың түрлері.

2. Балабақшада қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістер

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында жаңа педагогикалық технология элементтерін қолдану тиімділігі.





Қазақстан халқына Жолдауында:

“Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн”

ИННОВАЦИЯ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН АУДАРҒАНДА ЖҮЙЕ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. ҚҰРАЛ МЕН ҮРДІС РЕТІНДЕ ИННОВАЦИЯ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАҒАЛЫҚ ЕНГІЗУ ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСКЕ ҚАТЫСТЫ ИННОВАЦИЯНЫ ОНЫҢ МАҚСАТЫНА, МАЗМҰНЫНА , ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫНА, МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫНЫҢ БІРІККЕН ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖАҒАЛЫҚ ЕНГІЗУ ДЕП АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРҒА :

- ✓ 1) жаңа емес, бірақ өзінің өзектілігін жоймаған және педагогика ғылымы мен практикасы жүйесін қамтитын, әлі толық жетілдірілмеген оқу-тәрбие үдерісін оңтайландырудың жалпы идеялары мен практикалық технологияларын;
- ✓ 2) ізгілік педагогикасының барлық қағидалары мен практикалық технологиялары жиынтығын қарастыруды;
- ✓ 3) жаңа идеяларға негізделген педагогикалық үрдістерді ұйымдастыру мен басқару амалдарын;
- ✓ 4) ақпараттандыру мен жаппай коммуникациялаудың жаңа идеялары мен құралдарына негізделген технологияларды жатқызуға болады.
- ✓ Педагогикалық жүйеге инновациялық түрлендірулер енгізудің басты бағыттары: тұтастай алғандағы педагогикалық жүйе; оқу мекемелері; педагогикалық теория; мұғалім; оқушылар; педагогикалық технология; мазмұны; формалары, әдістері, құралдары; басқару; мақсаты мен нәтижелері.



ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНЫП, АЙТАРЛЫҚТАЙ НӘТИЖЕ БЕРІП ЖҮРГЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЫНАЛАР:

- • дамыта отырып оқыту әдістемесі
- • оза отырып оқыту
- • тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту
- • деңгейлеп оқыту технологиясы
- • тесттік жүйемен оқыту
- • иммитациялық әдіс
- • мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- • ойын технологияларын қолдану
- • дискуссия сабақтары
- • интеграциялық сабақ
- • топпен жұмыс
- • проект әдісі (жоба)
- • рольдік ойындар
- • критикалық ойлау технологиясы
- • «Мозайка» сабақтары
- • Проблемалық оқыту әдісі
- • «Миға шабуыл» әдісі
- • Эвристикалық әңгіме әдісі
- • Бинарлы сабақ
- • Экскурсия сабағы
- • Қашықтықтан оқыту технологиясы
- • Ынтымақтастық технологиясы
- • Дөңгелек үстел
- • Саяхат сабақтары

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ


- **Дамыта оқыту технологиясы** – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр баланың өзін өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында. Педагогтың рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс тәсілінде, т.б.
- Бұл бағдарлы идеялар бүгінгі білім беру аясында қолдау табуда. Педагогика ғылымының зерттеушілері тәлім – тәрбие беру үрдісінің негізгі мақсаты бала тұлғасын дамыту деп таниды.
- Бірақ, тұлға дамуы туралы ізденушілігі психологияның айтуы бойынша, әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Бала тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады.
- Сондықтан білім беру жүйесінің мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін тұлғаның дамуын көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы


Деңгейлеп –саралап оқыту технологиясының мақсаты әрбір бала өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- 1) Деңгейлеп оқыту әр балаға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.
- 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір бала меңгеруі тиіс.

Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болу үшін: а) жеке тұлға ерекшеліктеріне, б) психологиялық даму ерекшеліктеріне, в) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отыру қажет..



ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ
ОЙЫН – ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ӘРІ
ФОРМАСЫ, ӘРІ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ДЕРБЕС
ДИДАКТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ. СОНЫМЕН
БІРГЕ ОЙЫНДЫ ПЕДАГОГ МЕН
БАЛАЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОҚУ ӘРЕКЕТІНІҢ
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ.



О Й Ы Н

Қиял

Ерік, жігер

Дүние танымы

Ақыл ойына

Мінез құлқы

Жеке қасиеттерін

Тілдің дамуына

Таным процесіне

Психикасына

Жалпы дамуына

**Ойын кезінде баланың ортамен қарым қатынасы кеңейіп,
таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады.**

Тәрбие қасиеттері

ДОСТЫҚ

адамгершілік

тапқырлық

шапшаңдық

жауапкершілік

ұйымшылдық

белсенділік

қамқорлық

сенімділік

мейірбандық

ынтымақтастық

**Ойын арқылы
осындай тәрбие
қасиеттері
қалыптасады.**

Проблемалық оқыту технологиясы



Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы талдау, қорытындылау және т.б балалардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және т.б. ескере отырып оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдердің қолдану ережелерінің жаңа жүйесі.

Проблемалық оқыту шығармашылық жұмыстарды жүргізудің ең өнімді жолы болып табылады. Проблемалық оқытуда балалар бейтаныс, белгілі емес мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмсайды.



Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой тол

ғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады.

СТО технологиясының кейбір стратегиялары:

Джиксо–
ұжымдық
оқыту әдісі

Ассоциациямен
жұмыс

Венн
диаграммасы

«Пікір алысу»
стратегиясы

Кубизм
стратегиясы

ИНТЕРАКТИВТІ ӨДІСТЕР:

Эвристикалық әңгіме – бұл әдіс бойынша әр түрлі сұрақтар мен мысалдар арқылы оқушының өз бетінше дұрыс жауап беруіне мүмкіншілік туғызады.

Дискуссия – бұл арнайы жоспарланған еркін сұхбат, ол арқылы теориялық сұрақтарды талқылайды. Дискуссия – сөз әрекетінің диалогты түрі. Бұл әдіс арқылы әңгіме барасында туындаған әр түрлі ойлар алмасып, пікірлер ортаға салынады.

«**Миға шабуыл**» - бұл әдіс күрделі мәселенің жауабын миға келетін қайсыбір ойлардың, ұйғарымдардың, кездейсоқ ұқсастықтардың, сонымен қатар күтпегенде пайда болатын қажет және қажет емес ассоциациялар арқылы табу.

Миға шабуылдың алтын ережесі – талқылауға қатысушылардың бірде бір сөзіне қарсы келмей, керісінше өз ойын ашық, қысылмай же

Іскерлік ойындар , тренингтер.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады.

Ассоциация әдісі – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет
Мысалы: Суретте «Бауырсақ» ертегісіндегі бауырсақ ортасында тармақтарына кемпір, шал, қоян, үй, қасқыр, аю, түлкіні балалар жапсырады көп қиынды суреттердің ішінен.

Ой қозғау әдісі: Балаларға ертегілерге берілген жұмбақтарды жасыру;

Жалпақ тұмсық көріп пе ең,

Жер қазатын тінтілеп.

Ілмек дерсің құйрығын,

Кебіс дерсің тұяғын,

Білсең енді таба ғой,

Қай кейіпкер екенін? (Үш торай)

Әжей жақсы көретін осы қызға,

Телпек тарту етіпті қызыл түсті.

Ұнатқаны соншама бұл сыйлықты,

Немересі есімін ұмытыпты,

Ал, айтшы сен, бұл есімді? (Қызыл телпек)

Сұрақтар арқылы ой салу:

Сен бұларды неліктен ертегілер деп ойлайсың?

Халық ертегілері мен авторлық ертегілерді ата, олардың айырмашылығы неде?

«Қызыл телпек» ертегісінің авторы кім?

Сен Қызыл телпектің орнында болсаң не істер едің?

СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану (екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, қорытындылау, нақтылау).

